

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ		НАО «Казархский национальный женский педагогический университет»
АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ		ДЕПАРТАМЕНТ ПО АКАДЕМИЧЕСКИМ ВОПРОСАМ
ЕРЕЖЕ		ПРАВИЛА
1 РЕДАКЦИЯСЫ		РЕДАКЦИЯ 1

«БЕКІТІЛДІ»

«ҚазҰлтҚызПУ» КеАҚ

Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығы

« 18 » 04 2025 жыл,

№ 09-02-19/197

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу № 4

Дана №

Түпнұсқа

Енгізілген күні

21.04.2025
(күн, ай, жыл)

Алматы қ., 2025 жыл

ҚазҰҚПУ-нің ішкі құжаты. Құжатты рұқсатсыз пайдалануға тыйым салынады.

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Белгілер мен қысқартулар	3
5	Негізгі міндеттер	4
6	Үш тілді оқытуды ұйымдастыру	4
7	Өзгерістер енгізу	5
8	Келісу, сақтау, тарату	5
9	Келісу парағы	6
10	Танысу парағы	7
11	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ Үш тілді білім беруді ұйымдастыру Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Қоғам) үш тілде білім беруді ұйымдастыру жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді және оңтайландырады.

1.2. Ереже Қоғамның білім беру үдерісіне жауапты барлық бөлімдердің қолдануы үшін міндетті болып табылады (академиялық мәселелер жөніндегі департамент, Академиялық бағдарламаларды әзірлеу, институттар, кафедралар).

1.3. Үш тілді білім беру аясында білім беру бағдарламаларын меңгеру түлектердің міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ереже Қазақстан Республикасының келесідей нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

<i>Бакалавр</i>	–	жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже;
<i>Бакалавриат</i>	–	кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;
<i>Қорытынды аттестаттау</i>	–	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ережеде келесідей қысқартулар қолданылады:

МЖБС – жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

БББ – білім беру бағдарламасы;

ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары;

ҚА – қорытынды аттестаттау;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

АКМЖД – академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

ОҰҰБ – оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі;

КТ – кеңсе тіркеуші.

5. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

Қоғамда үш тілді білім беруді ұйымдастырудың негізгі міндеттері болып табылады:

- 1) Оқу үдерісінде қатар қолдану үшін үш тілді бірдей дәрежеде меңгерген, жоғары білімді, үш тілді, білікті мамандарды даярлау;
- 2) Жеке тұлғаның мәдениетаралық коммуникацияға, жоғары кәсіби білім алуға, академиялық дәреже алуға, үш тілде білім беру арқылы әлемдік мәдениеттің құндылықтарын игеруге деген қажеттілігін қанағаттандыру;
- 3) Үш тілде оқыту үдерісі барысында жоғары білімнің мемлекеттік білім беру стандарттарын меңгерудің құзыреттілік тәсілін іске асыру.

6. ҮШ ТІЛДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1. Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі (бұдан әрі – ОҰҰБ) Қоғамның институттарымен бірлесіп басым білім беру бағдарламалары бойынша үш тілді білім беруді кезең кезеңімен енгізуді ұйымдастырады.

6.2. ОҰҰБ жыл сайын кафедралардың білікті үш тілді кадрлармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізеді.

6.3. Үш тілді академиялық топтарды қалыптастыру кезең кезең бойынша жүргізіледі:

- Студент 1 наурызға дейін институт директорының атына үш тілді топтарға өту туралы өтініш береді;
- 20 наурызға дейінгі мерзімде шет тілінен тест тапсырады;
- 15 сәуірге дейін әңгіме-сұхбат өтеді.

6.4. 1 наурызға дейінгі Қоғам институттарында үш тілді академиялық топтарды қалыптастыру мақсатында директордың өкімімен іріктеу комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

6.5. Комиссия құрамы ПОҚ немесе үш тілді жетік меңгерген институт мамандарынан құрылады.

6.6. Үш тілді топтарға әр оқу жылының сәуір айында 1 және/немесе 2 курс студенттерінен іріктеліп алынады.

6.7. Үш тілді топтарға студенттерді іріктеу комиссияның отырысында қаралып, шешімі хаттамамен ресімделеді.

6.8. Комиссия отырысының хаттамасын және үш тілді топтарға іріктелген студенттердің тізімін комиссия хатшысы 15 мамырға дейін ОҰҰБ тапсыруы тиіс.

6.9. Сабақты үш тілді топтарда қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген ПОҚ (intermediate - B1 деңгейінен жоғары деңгеймен) жүргізуі тиіс.

6.10. ПОҚ педагогикалық қызметіне қажетті жағдайлар жасау және білім алушылардың кәсіби-бағдарланған тілдік оқу бағдарламаларын меңгеруі мақсатында үш тілді топтарда дәрістер оқу және практикалық сабақтар өткізуге шетелдік ғалымдарды, мамандарды, сондай-ақ Алматы қаласында жұмыс істейтін шетелдік

компаниялардың өкілдерін тартуға жол беріледі.

6.11. Қоғамда үш тілді оқыту үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын анықтайтын негізгі құжаттар: ЖОЖ, пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары және үш тілде силлабустар болып табылады.

6.12. ЖОЖ Қоғамның ғылыми кеңесінде қаралып, бекітіледі.

6.13. ЖОЖ кафедралардың оқу жұмысының көлемін және ПОҚ педагогикалық жүктемесін есептеуге негіз болып табылады. Барлық оқу кезеңі бойынша үш тілде оқытылатын пәндер санының арақатынасы:

- 1) 40% көп емес пәндер қазақ тілінде;
- 2) 20% көп емес пәндер орыс тілінде;
- 3) 40% көп емес пәндер ағылшын тілінде.

6.14. Кафедрада ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттар бойынша Қоғамда белгіленген уақыт нормаларын ескере отырып жүзеге асырылады.

6.15. Тіркеуші кеңсе үш тілді топтарға сабақ кестесін семестр басталардан екі апта бұрын LMS жүйесінде жасайды.

6.16. Студенттердің тілдерді (қазақ, орыс, ағылшын) меңгеру сапасын бақылауды ОҰҰБ тест формасында 1 мамырға дейін жүзеге асырады. Тест тапсырмасы 30 сұрақтан тұрады. Тестілеу жылына 1 рет өткізіледі, тестілеу ұзақтығы 45 минут.

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

7.1. Ереженің жаңа редакциясына өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуді Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы жүзеге асырады.

7.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның жаңа редакциясы Қоғамның Ғылыми кеңес шешімімен бекітіледі.

8. КЕЛІСУ, САҚТАУ, ТАРАТУ

8.1. Ережемен келісу келесідей басшылармен жүзеге асырылады:

- 1) Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры-Бас регистрар;
- 2) Заң бөлімінің басшысы;
- 3) Тіркеуші кеңсе басшысы;
- 4) Академиялық бағдарламаларды әзірлеу бөлімінің басшысы;
- 5) Академиялық мәселер жөніндегі Басқарма мүшесі-проректор.

8.2. Ереженің түпнұсқасын сақтау жауапкершілігі Заң бөліміне жүктеледі.

8.3. Ереженің бекітілген көшірмесі Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінде сақталады.

8.4. Ереженің сканерленген бекітілген нұсқасын таратуға Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі жауапты болады.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

№	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1	Әзірлеген: Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы	Акжолова А.А.	17.04.25	
2	Келісілді: Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі- проректор	Жуманкулова Е.Н.	17.04.25	
3	Келісілді: Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры-Бас регистрар	Балажанова К.М.	17.04.25	
4	Келісілді: Заң бөлімінің басшысы	Маханов М.М.	17.04.25	
5	Келісілді: Тіркеуші кеңсе басшысы	Жарикбаева Д.Р.	17.04.25	
6	Келісілді: Академиялық бағдарламаларды әзірлеу бөлімінің басшысы	Кабышева М.О.	17.04.25	